

Балқаш қаласы «№16 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
Қамқорлық кеңесінің 2021-2022 оқу жылына арналған
іс-шаралар жоспары

№	Жұмыс түрі	Уақыты	Нәтиже түрі
1	Кеңес отырысын өткізу. (№1) Кенестің құрамының мүшелерінің атқаратын қызметтерін белгілеу	Тамыз	Хаттама
	«Мектепке жол» акциясының өту барысын бақылау	Тамыз-қыркүйек	Ақпар
2	Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, зерттеу	Қыркүйек	Балалар тізімі
	Оқушылардың әлеуметтік картасын жасақтау	Қыркүйек	
3	Қамқорлық акциясын өткізу	Қазан	Фотосурет
4	Кеңес отырысын өткізу (№2)	Қараша	Хаттама
	Оқушылардың сабақ қатысу бақылау	Жыл бойы	Ақпарат
5	Жағдайы төмен, көп балалы отбасыларының тұрмыс жағдайларын зерттеу және бала құқықтарының орындалуын тексеру мақсатында рейд ұйымдастыру	Желтоқсан, наурыз	Ақпарат
6	Жаңа жыл мерекесі іс-шараларын өткізуге қатысу, көмек көрсету	Желтоқсан	Фотосурет
7	«Толағай» спорттық отбасылық ойындарын өткізу іс-шараларына қатысу	Жыл бойы	Фотосурет, ақпарат
8	Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларға қатысу, көмек көрсету	Наурыз	Ақпарат
10	Мектеп ауласын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына қатысу	Сәуір	Ақпарат
11	Кеңес отырысын өткізу. (№3)	Мамыр	Хаттама
12	Жазғы еңбек тоқсанын ұйымдастыруға көмектесу	Мамыр	Ақпарат
13	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету	Мамыр	Ақпарат
14	Кеңес отырысын өткізу (№4)	Маусым	Хаттама

Қамқоршылық Кеңес
жиналысының хаттамасы
№2

Балқаш қаласы білім бөлімінің
«әл-Фараби атындағы жалпы білім
беретін мектебі»КММ

26.05.2022ж.

Жиынға қатысушылар: Қамқоршылық Кеңесінің мүшелері
Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар туралы Қамқоршылық кеңесі төрағасының есебі
2. Мектеп ауласын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына қатысу.
3. Жазғы еңбек тоқсанын ұйымдастыруға көмектесу
4. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету
5. Балалар күніне қамқоршылық акциясын ұйымдастыру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.С. Мәден сөз алып 2021-2022 оқу жылында Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің бірлесе атқарылған жұмыстарының есебін берді. Қамқоршылық кеңесі мүшелері білім беру ұйымының жетілдіруге, білім беру мүдерісін жақсартуға бағытталған бастамалар ұсынып, сонымен қатар қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беруде көптеген жұмыстар атқарды.

Екінші мәселе бойынша сөз кезегін М. Б.Тукашбаева алып мектеп ауласын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары бойынша ақпар берді.

Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.С. Сахабаева сөз алып аз қамсыздандырылған отбасынан шыққан 16 жасқа толған оқушылардың тізімін оқыды. Әр қайсысы жазғы уақытта қайда болатынын айтып «Жасыл ел» бағдарламасына құжаттарын тапсырғандығын айтты.

Сонымен қатар биылғы оқу жылына қала сыртындағы «Жас қанат» сауықтандыру орталығына аз қамтылған бес оқушыға жолдама берілгендігін айтты.

Ұсынылған оқушылар тізімі:

1. Ергазы Сабина
2. Нұралы Серікжан
3. Қуаныш Ақпейіл
4. Нұрғали Аделя
5. Нұрмбек Нұрислам

Келесі сөз кезегін мектептің жазғы демалыс орталығының басшысы А.С.Ногайбекова алып, мектеп жанындағы жазғы орталықтың ұйымдастырылу жұмыстарымен таныстырды. Осы орайда Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.С.Мәден сөз алып, көмекке мұқтаж балалардың барлығының мектепте оқуын қамтамасыз етуге күш салып көмек ұйымдастыруымыз керек екенін баса жеткізді.

Шешімі:

1. Балалар күні мерекесінің және жазғы демалыс орталығынан ұйымдастыру жұмыстарына белсене қатысу.

2. «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік жағдайы төмен, тұрмысы қолайсыз отбасынан шыққан балаларға және көмекті аса қажет ететін оқушыларға көмек көрсетуге демеуші азаматтарды тарту.

Төрағасы:

Хатшы:




Мәден Т.С.

Толетаева М.К

Хаттамамен таныстым:

1. Мәден Т.С
2. Ашимханова А.А.
3. Бағлан О.Д
4. Тукашбаева М. Б.
5. Бейсенбаев Б.М.
6. Жасымбекова Г.Е
7. Сарсенбекұлы Қ.
8. Дюсембаева Ж.С.
9. Исакова З.Б



Қамқоршылық Кеңес
жиналысының хаттамасы

№1

Балқаш қаласы №16 жалпы білім беретін
орта мектебі
01.02.2022 ж.

Жиынға қатысушылар: Қамқоршылық Кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау.
2. Қамқоршылық Кеңесінің хатшысын сайлау.
3. 2021-2022 оқу жылына арналған Қамқоршылық Кеңесінің жоспарын талқылау, бекіту.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін А.А Ашимханова алып, қамқоршылық кеңесінің төрағасына жан-жақты қарастыра отырып Мәден Таңатарды ұсынды. Кеңес мүшелерінің барлығы бір ауыздан дауыс берді.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша жаңа құрылған қамқоршылық кеңесі сайлауға қатысты. Сайлау бойынша хатшы болып директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.К.Толетаева сайланды.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қамқоршылық Кеңесінің төрағасы Т.Мәден сөз алып, жаңа құрылған қамқоршылық кеңесінің тобымен алдағы атқарылатын жұмыс жоспарын талқылады.

Шешімі:

- 1.Мәден Таңатар қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып сайлансын.
- 2.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары іске асырылсын.
- 3.Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.К.Толетаева хатшылық жұмысын атқарсын.

Төрағасы:

Хатшы:

Мәден Т.С.

Толетаева М.К.

Хаттамамен таныстым:

1. Т.Мәден
2. Ашимханова А.А
3. Бағлан О.Д.
4. Бейсенбаев Б.М.
5. Тукашбаева М. Б.
6. Жасымбекова Г.Е.
7. Сарсенбекұлы Қ.
8. Дюсембаева Ж.С.
9. Искакова З.Б.

Директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Көккозова «Жаңа жыл» мерекесі бойынша жұмыс жоспарымен таныстырды.

Жарыс сөзге кеңес мүшелері шығып өз ойларын ортаға салды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес мүшелері бір ауыздан ортақ шешім қабылдады

Шешімі:

1. Өлеуметтік жағдайы төмен, тұрмысы қолайсыз отбасынан шыққан балаларға және көмекті аса қажет ететін оқушыларға көмек көрсетуге демеуші азаматтарды тарту.

2. 2020 – 2021 оқу жылының I жартыжылдығында атқарылған жұмыс жоспары қанағаттанарлық деп танылсын

Төрағасы:

Хатшы:

**Мәден Т.С.
Жакыпбаева Б.О.**

Хаттамамен таныстым:

17. Ашимханова А.А.

18. Дүйсенова А.Д.

19. Тукашбаева М. Б.

20. Сатыбалдин О.

21. Тоқмағанбетова Г. Р.

22. Умбетова Г.

23. Қасымбеков С. Т.

24. Нурманова Г. К.

Қамқоршылық Кеңес
жиналысының хаттамасы
№3

Балқаш қаласы №16 жалпы білім беретін
орта мектебі
01.09.2021 ж.

Жиынға қатысушылар: Қамқоршылық Кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар туралы Қамқорлық Кеңесі төрағасының есебі.
2. 2021-2022 оқу жылына Қамқоршылық Кеңесінің төрайымын және жаңа құрамын сайлау.
3. 2021-2022 оқу жылына арналған Қамқоршылық Кеңесінің жоспарын талқылау, бекіту.
4. Аз қамтамасыз етілген отбасыларын, қамқорлыққа алынған балаларды дәстүрлі оқыту жағдайында білім алуға қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етуге көмек көрсету жолдарын қарастыру, көмек беруді ұйымдастыру сұрақтары.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық Кеңесінің төрағасы Т.Мәден 2020-2021 оқу жылында Қамқоршылық Кеңесі мүшелерінің бірлесе атқарылған жұмыстарының есебін берді. Қамқоршылық Кеңесі мүшелері білім беру ұйымының жетілдіруге, білім беру үдерісін жақсартуға бағытталған бастамалар ұсынып, сонымен қатар қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беруде жұмыстар атқарды.

Олар әлеуметтік педагогпен бірге материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, зерттеу жұмыстарына, түрлі қамқорлық акциясын өткізуге қатысты.

Сонымен бірге Қамқоршылық кеңес мүшелері мектеп ауласын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына қатысып, жазғы еңбек тоқсанын ұйымдастыруға көмектесті.

Кезекті Кеңес отырысы қашықтықтан 2 рет өткізілді.

2021 жылы мектеп ғимаратының алдыңғы кіре берісіне, ішіне мүмкіндігі шектеулі жандардың жүрулеріне ыңғайлы сары түсті жолақтар және баспалдақ орнатылды. Сонымен қоса, оқушылардың қауіпсіздігін сақтауда мектептің кіре берісіне турникет, дене қызуын өлшейтін арнайы құралдар қойылды.

Жөндеуге облыстық бюджеттен қаражат бөлінді. Сондықтан жаз айларында мектепте қарқынды жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мектепті күрделі жөндеу жұмыстарының кезінде Қамқорлық кеңесінің мүшелері жөндеу жұмыстарының қарқынды және сапалы жүргізілуіне бақылау жасады.

Жыл сайын Қамқоршылық кеңесі аз қамтамасыз етілген отбасыларына, қамқорлыққа алынған балаларға «Мектепке жол» акциясының аясында жаңа оқу жылына дайындалуға көмек көрсету жолдарын қарастырып, көмек беруді ұйымдастыруға қатысады.

Кезекті отырыста Қамқоршылық кеңес мүшелері «Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан бөлінетін қаржыдан аз қамсыздандырылған, көп балалы, мүгедек, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, патронат тәрбиесіндегі оқушыларға қаржылай көмек берілуін бақылау туралы» сұрақты қарастырып, мектептің әлеуметтік педагогы А.С.Сахабаеваның есебін тыңдады.

Биыл әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау, тұрмыс жағдайы төмен отбасы балаларына жаңа оқу жылының басында қолдау көрсету барысында ұйымдастырылды.

«Мектепке жол» акциясына демеушілерден көмек сұралды. Нәтижесінде алғашқы болып

Қамқоршылық Кеңес
жиналысының хаттамасы
№4

Балқаш қаласы білім бөлімінің
«№16 жалпы білім беретін мектебі»КММ
17.01.2021ж.

Жиынға қатысушылар: Қамқоршылық Кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Көмек қажет ететін оқушылардың ата-аналарының өтініштерін тіркеу және демеуші болып танытқан азаматтардың көмегін тіркеу жұмыстарын атқару. «Қамқорлық» дәстүрлі қайырымдылық акциясын ұйымдастыру жұмыстары.
2. 2021– 2022 оқу жылының I жартыжылдығында атқарылған жұмыстар туралы.
3. «Жаңа жыл» мерекесіне ұйымдастыру жұмыстары

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Көккозова сөз бастап, мектепте өтіп жатқан қайырымдылық акциялары туралы ақпар берді.

Осы орайда Қамқоршылық кеңестің төрағасы Т. Мәден сөз алып, көмекке мұқтаж балалардың барлығының мектепте оқуын қамтамасыз етуге күш салып көмек ұйымдастыруымыз керек екенін баса жеткізді. Қазіргі уақытта мектепте арнайы тізімдер жыл басынан бері жасақталған «Неше балаға көмек қажат, неше бала ыстық тамақпен қамтылады және неше бала лагерьге барады» деген сияқты әрбір мектептің өзіндік тізімі болады. Сол сияқты осы акцияға қатысатын балалардың тізімі де мектеп тарапынан жасалды. Бұл тізімнен әлеуметтік жағдайы төмен отбасының балалары қалып қоймайды. Өйткені мектептің қамқоршылық кеңесі осыған өз үлесін қосуы керек. Материалды және қаржылай көмек көрсетуге дайын демеуші азаматтарды тартуымыз қажет екенін айтты.

Екінші мәселе, Қамқоршылық кеңестің төрағасы Т. Мәден 2021– 2022 оқу жылының I жартыжылдығында атқарылған жұмыстарға тоқталды, Қамқоршылық кеңестің мақсаттары - мектепке қолдау көрсету. Атап айтқанда, оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды қамтамасыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығаюына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу іске асты. Қамқоршылық кеңесі мектептің әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрсетуде. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушыларға көмек көрсету, білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу, мектептегі медициналық көмек пен ыстық тағамның сапасына мониторинг жүргізу қалыпты түрде жүргізілді. Түрлі деңгейдегі білім, өнер және спорттық жарыстарда жетістікке жеткен оқушыларды ынталандыру мақсатында демеушілер арқылы сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат», «Саламатты Қазақстан», «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда көмек көрсетіліп келеді, алдағы уақытта да белсенді түрде атсалысу көзделіп отыр.

«Жерұйық» ЖШС-нің директоры Барланов Дәулет Мұратұлы мен «ВЕС» ағылшын тілі орталығының директоры Барлан Оралхан Дәулетұлы, мектеп тәлімі Исакова Динара Тойшибековна, қаламыздағы «Ной» дәмханасының @noi.balkhash директоры Орымбаев Мейрамбек Серикбаевич көмек көрсетті.

Қалалық білім бөлімі 1 сыныптың табалдырығын аттайын деп отырған 20 оқушыға оқу-құралдармен және сөмкелермен көмек көрсетті.

Акцияға қатысып, көмек қолын созған демеушілерге мектеп ұжымы атынан рахмет айтылды.

Бұл қаржыны бөлу мәселесі мектептің жалпыға міндетті білім беру қорын бөлу жөніндегі ата-аналар комитет отырысында жан-жақты қаралып, талқыланды.

2021-2022 оқу жылының тамыз айында, аз қамтамасыздандырылған отбасыға, көп балалы отбасыларға оқу құралдары және де қажетті киім-кешектер таратылып берілді. Бюджеттен бөлінген 1 621 910 (бір миллион алты жүз жиырма бір мың тоғыз жүз он) теңге қаражатынан 60 оқушыға көмек көрсетілді. Оқушыларға оқу құралдарының 20 түрі таратылды. Әлеуметтік педагог жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан қаржылай көмек алғаны туралы ата-аналардан қолхат алды.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

- Т.Мәден
- Бағлан Оралхан Дәулетұлы
- Бейсенбаев Батырхан Мұратович
- Ашимханова А.А.
- Тукашбаева М. Б.
- Сатыбалдин О.
- Умбетова Г.
- Қасымбеков С. Т.
- Нурманова Г. К.


3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

4.Күн тәртібіндегі келесі сұрақ аз қамтамасыз етілген отбасыларын, қамқорлыққа алынған балаларды дәстүрлі оқыту жағдайында білім алуға қажетті құралдарымен қамтамасыз етуге көмек көрсету жолдарын қарастыру, көмек беруді ұйымдастыру.

Шешімі:

1. Тыңдалған 2020-2021 оқу жылындағы Қамқорлық Кеңесінің жұмысы туралы Қамқоршылық Кеңесінің төрағасының ақпары есепке алынсын.
2. Қамқоршылық Кеңесінің 2021-2022 оқу жылына арналған жоспары бекітілсін, жоспардағы іс-шаралар мерзімге сай орындалсын.
3. Аз қамтамасыз етілген отбасыларын, қамқорлыққа алынған балаларды дәстүрлі оқыту жағдайында білім алуға қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етуге көмек көрсету жұмыстары жалғастырылсын.


Төрағасы:
Хатшы:



Мәден Т.С.
Толетаева М.К.

Хаттамамен таныстым:

1. Т.Мәден
2. Ашимханова А.А
3. Бағлан О.Д.
4. Бейсенбаев Б.М.
5. Тукашбаева М. Б.
6. Сатыбалдин О.
7. Умбетова Г.
8. Қасымбеков С. Т.
9. Нурманова Г. К.

A series of handwritten signatures in blue ink, each corresponding to one of the nine items in the list. The signatures are written in a cursive style and are positioned to the right of the names.